

Көшелерге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 11 наурыздағы N 5 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 9 сәуірде N 14-5-129 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 37 бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және Жамбыл ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып, Жамбыл ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Жамбыл ауылындағы атауы жоқ көшелерге мынадай атаулар берілсін: солтүстік бөлігінде орналасқан көшеге – "Тәуелсіздік" атауы; оңтүстік бөлігінде орналасқан көшеге – "Жағалау" атауы.
2. Шыбыт ауылындағы оңтүстік бөлігінде орналасқан атауы жоқ көшеге "Шапағат" атауы берілсін.
3. Қызылжар ауылындағы оңтүстік бөлігінде орналасқан атауы жоқ көшеге " Жауқазын" атауы берілсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі:

К.Ахметов